

"Мамлют ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасы туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 6/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы N 27/5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 сәуірде N 2677 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 49/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.04.2019 № 49/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының "Мамлют ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасы туралы" 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 6/1 (2012 жылдың 9 қарашасында "Знамя труда" газетінде, 2012 жылдың 23 қарашасында "Солтүстік жұлдызы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1908 тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

нұсқалған шешіммен бекітілген Мамлют ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің Қағидасында (әрі қарай – Қағида):

Қағиданың 1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Мамлют ауданының аумағында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

жекешелендірілген тұрғын-үй жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын-үй жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға;

тұрғын жайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық

қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлемін;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлем ақысына төлеуге беріледі;

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сай, бюджет қаражаты есебінен тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін жұмсалатын коммуналдық қызметтердің ақысын төлеуге жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі көрсетіледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматтың) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің қатынасы отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне Мамлют ауданының тұрғындары үшін он пайыз мөлшерінде белгіленеді.";

Қағиданың 5-тармағының 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;"

Қағиданың 5-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Мамлют ауданы мәслихаты

сессиясының төрағасы

Д. Могунова

<i>Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының хатшысы "КЕЛІСІЛДІ" "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы</i>	<i>Р. Нұрмұқанова</i>
<i>"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы</i>	<i>В. Артимович</i>
<i>"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы</i>	<i>Қ. Әмірін</i>
	<i>А. Биктимиров</i>